

**"Жинақтаушы зейнетақы қорларына, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне басшы лауазымдарға тағайындауға жататын кандидатураларды келісудің тәртібі туралы" Ережесіне өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 22 мамырдағы N 67-П бұйрығымен БЕКІТІЛГЕН. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1988 жылғы 17 шілде N 537 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...*

*Төраға*

*Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі*

*5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Жинақтаушы зейнетақы қорларына, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне басшы лауазымдарға тағайындауға жататын кандидатураларды келісудің тәртібі туралы" ережеге өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы" 1998 жылғы 22 мамырдағы N 67-П бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 537 тіркелген)...*

---

II-бөлім 7, 8 және 9 тармақтармен толықтырылсын:

"7 тармақ. Қызметке кірісер алдында бірінші басшы мен бас бухгалтер (филиалдар, өкілдіктер) Ұлттық зейнетақы агенттігінің келісімінен өтуге тиіс."

8 тармақ. Келісімді ала алмаған жағдайда Ұлттық зейнетақы агенттігіне барлық қажетті құжатты тапсырғаннан кейін ғана қордың басшылары осы Ереженің 10 тармағына сәйкес өз міндеттерін атқаруға кірісе алады.

9 тармақ. Бас бухгалтерлік қызметке үміткер адамның бухгалтерлік еңбек

өтілі 3 жылдан кем емес болуы қажет.

7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 тармақтары 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 тармақтар болып саналсын.

IV бөлім мынадай мазмұндағы 20 тармақпен толықтырылсын.

"20 тармақ. Басшы қызметке үміткерлер біліктілік емтиханын екі реттен артық тапсыруға жіберілмейді".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК